



БҰЙРЫҚ

19.03.2025

Орал қаласы

ПРИКАЗ

№ 250

город Уральск

**Математика, физика және информатика
пәндері мұғалімдерінің арасында
облыстық шығармашылық
байқауын өткізу туралы**

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 2025 жылғы жұмыс жоспарына сәйкес математика, физика және информатика пәндері мұғалімдерінің арасында білім беру ұйымдарында оқушыларды олимпиадалық байқауларға дайындық жұмыстарын жүргізетін және өзін – өзі жетілдіретін, келешекте тұлғалық және кәсіби шеберлігін көтерумен айналысатын мұғалімдерді анықтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылдың 24 сәуір күні математика, физика және информатика пәндері мұғалімдерінің облыстық шығармашылық байқауы өткізілсін.
2. Байқаудың ережесі, ұйымдастыру комитетінің және қазылар алқасының құрамы мен шығындар сметасы бекітілсін (1,2,3,4-ші қосымшалар).
3. Аудандық (қалалық) білім беру бөлімдері, облыстық мектептер:
 - аудандық (қалалық) мектепішілік кезеңдерін өткізсін;
 - қатысушылардың облыстық кезеңге қатысуын қамтамасыз етсін.
4. Батыс Қазақстан облысы әдістемелік орталығы (Г.Кубашева), Облыстық білім беруді акпараттандыру және жобалау орталығы (А.Бижанов) байқауды ұйымдастыруды, өткізуді және облыстық кезеңге қатысушыларға эксперттік бағалау мен марапаттауды қамтамасыз етсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Л.Батырғалиеваға жүктелсін.

Басқарма басшысы

Е.Сафуллин

009525

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ
АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ
ЖОБАЛАУ ОРТАЛЫҒЫ»

Коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное учреждение

«ОБЛАСТНОЙ ЦЕНТР
ИНФОРМАТИЗАЦИИ И
ПРОЕКТИРОВАНИЯ В
ОБРАЗОВАНИИ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

01.04.2025 № 30

Орал к.

ПРИКАЗ

№

г. Уральск

Информатика пәні мұғалімдерінің
облыстық шығармашылық байқау туралы

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 2025 жылғы 19 наурыздағы №250 бұйрығына сәйкес информатика пәні мұғалімдерінің арасында білім беру ұйымдарында оқушыларды олимпиадалық байқауларға дайындық жұмыстарын жүргізетін және өзін – өзі жетілдіретін, келешекте тұлғалық және кәсіби шеберлігін көтерумен айналысатын мұғалімдерді анықтау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025 жылдың 24 сәуір күні информатика пәні мұғалімдерінің облыстық шығармашылық байқауы өткізілсін.
2. Байқаудың Ережесі, ұйымдастыру комитеті, қазылар алқасының құрамы және шығындар сметасы бекітілсін (1,2,3,4-ші қосымшалар).
3. Аудандық (қалалық) білім беру бөлімдері, облыстық мектептер:
 - аудандық (қалалық) мектепшілік кезендерін өткізсін;
 - қатысушылардың облыстық кезеңге қатысуын қамтамасыз етсін.
4. ОББАЖЖО ақпараттық әдістемелік бөлімі (Д.Утегалиева) облыстық байқаудың бекітілген ережесі бойынша ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының келуін, сапалы жұмыс жасауын, орталықтың есеп бөлімі (Ж.Гайпназарова) шығындар сметасына сәйкес қаржыландыруын қамтамасыз етсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Орталық директоры



А.Бижанов

**Информатика пәні мұғалімдерінің арасында
облыстық шығармашылық байқау өткізу
Е Р Е Ж Е С І**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Информатика пәні мұғалімдерінің арасында облыстық шығармашылық байқау (әрі қарай Байқау) ұйымдастырушы Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының Білім беруді дамыту орталығы

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Мақсаты:

Информатика пәнінің мұғалімдері арасынан оқушыларды олимпиадаға дайындаумен және өзін – өзі жетілдірумен, келешекте тұлғалық және кәсіби шеберлігін көтерумен айналысатын мұғалімдерді қолдау.

2.2. Міндеттері:

- талантты, шығармашылықпен жұмыс істейтін математика пәні мұғалімдерін анықтау;
- мұғалімнің кәсіптік нәтижелерінің, жетістіктерінің талдауын қамту.

3. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН ОРНЫ

3.1. Қатысушылар

Байқауға жалпы орта білім беретін мектепте, мектеп-лицейде, мектеп-гимназияда жұмыс істейтін информатика пәнінің мұғалімдерінің қатысуға құқығы бар. Облыстық байқауға қатысуға аудандық (қалалық) байқаудың жеңімпаздары жіберіледі (әр ауданнан (қаладан), облыстық мектептерінен бір мұғалім қатыса алады), соңғы үш жылда шығармашылық байқаудан жүлделі I, II, III орын алған педагогтер қатыстырылмайды.

Өткізу мерзімі:

Өтетін орны:

Сұранысты қабылдау

3.2. Байқаудың өткізу ережесі:

1. Қатысушы сауалнамасын толтырады. Оны байқау басталғаннан кейін кезекші бір сағаттан соң жинап алады. Конверттегі кодты қатысушы есте сақтау және сауалнамасына көшіріп жазу керек. Тек код арқылы ғана қатысушы жұмысын тексеру қорытындысын біле алады.

2. Қатысушыға тапсырма 2 блогта беріледі.

№1-№4 «Информатикалық»-информатика пәні мұғалімдеріне (шығаруға арналған есептер);

№5-№8 «Әдістемелік» (мұғалімнің күнделікті жұмысының үлгісін жасаудан тұратын тапсырмаларды қамтиды).

3. Байқау ұзақтығы 4 сағат.

4. Жұмыс тек бір қаламмен ғана орындалады.

5. Сөйлесуге, байқаудың басқа да қатысушыларына кедергі келтіруге, шпаргалкалар, анықтамалықтар, калькулятор, ұялы телефондар және т.б. электронды құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

6. Қатысушыға таза парақтармен қатар **жазу үшін пайдалануға арналған парақтар (мөрленген)** беріледі. Таза парақтар есеп шығаруға арналған, оларды қатысушы өзінің қалауынша пайдалана алады, олар тексерілмейді. Ал **жазуға арналған парақтар (мөрленген)**, жұмысты тексеру кезінде бағаланатын есептердің шешімін жазу үшін көзделген.

7. Әрбір есептің шешуі жаңа парақтарда жазылады. Есептің шартын көшіріп жазудың қажеті жоқ.

8. Әрбір пайдаланылған **жазу парағының** арнайы графаларына қатысушы кодын (**Қатысушының коды**), тапсырманың реттік нөмірін (**Есеп нөмірі**), әрбір парақтың реттік нөмірін (**Парақ нөмірі**) және есептердің барлығын шығару кезінде пайдаланылған парақтардың жалпы санын (**Парақтардың жалпы саны**) міндетті түрде жазып көрсету керек.

9. Қатысушы жұмысын аяқтаған соң парақтарды келесі ретпен бөліп салу керек:

- Рет – ретімен нөмірленген жазуға арналған парақтар;
- Қатысушы қалауынша пайдаланған парақтар;
- Пайдаланылмаған парақтар;
- Есептердің шарты.

Барлық парақтарды конвертке салып, үстел үстіне қалдырылады. Қатысушыларға ешқандай парақты аудиториядан алып шығуға рұқсат етілмейді. Жұмысты кезекші алып кеткенше күте тұру керек. Егер қатысушы жұмысын белгіленген мерзімнен бұрын аяқтаса, қол көтеріп белгі береді.

4. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

Номинациялар бойынша конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері информатика пәні бойынша I, II, III дәрежелі дипломдармен және номинациялармен марапатталады.

Байқаудың қазылар алқасы жеңімпаздар мен жүлдегерлерді 2025 жылдың 24 сәуірінде анықтайды. Байқау қорытындысы туралы ақпараттар Облыстық білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығының сайтында жарияланады.

Облыстық мектептердің информатика мұғалімдері арасындағы шығармашылық байқаудың қатысушыларын тіркеу кестесі

Ауданы	Мектебі	Аты-жөні (толық уд. бойынша)	Пәні	Санаты	Пед. өтілі	Оқыту тілі

Байқаудың аудандық (қалалық) кезеңі ағымдағы жылдың 15 сәуіріне дейін өткізіліп, облыстық кезеңге сұранысты 17 сәуір күні bkociso@mail.kz электронды поштаға жіберуіңіз сұралады.

Облыстық кезеңге барлық аудандар мен қала мұғалімдері қатысуы керек.

